

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 28 желтоқсан N 1742

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2001 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне Мемлекеттік қабылдау комиссиясына тапсыру үшін әкімшілік ғимаратының

құрылыс-монтаждау жұмыстарын аяқтауға 13 100 000 (он үш миллион жүз мың) теңге сомасында қаражат бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінетін қаражаттың мақсатты жұмсалуды бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.